

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері және Басқарушылар Кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 шілдедегі N 643 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.02.08. N 90 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.04.15. N 418 қаулысымен .

2. Зейнолла Халидоллаұлы Кәкімжанов Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі міндетінен босатылсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерін тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 наурыздағы N 323 қаулысына :

1-тармақтың 3) тармақшасының екінші абзацында:

"Кәкімжанов Зейнолла Халидоллаұлы" деген сөздер "Ерболат Асқарбекұлы Досаев" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың 4) тармақшасының екінші абзацында:

"Кәкімжанов Зейнолла Халидоллаұлы" деген сөздер "Ерболат Асқарбекұлы Досаев" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 1042 қаулысына :

1-тармақ алынып тасталсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі